

АБАЙ ТІЛДІК ТҮЛҒАСЫ МЕН Л.ГУМИЛЕВ ІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМ БІРЛІГІ

Әлем таныған ғалым, түрік әлемінің тарихын зерделеген тарихшы-этнолог, ұлы Дала жаршысы Л.Н.Гумилевтің 100 жыл толуына орай өткізіліп отырған ІХ Еуразиялық форумның маңызы айрықша. Гумилев мұрасы және қазіргі еуразиялық интеграция мәселелері арасындағы диалектикалық бірлік этносаралық, мемлекетаралық қарым-қатынастарды зерттеумен, ұлттық құндылықтарды ұлықтаумен тікелей байланысты екені мәлім.

...Атақты ғалым Л.Н.Гумилев бірқатар ғылымдар синтезінен туған этнология ғылымының негізін қалағаны белгілі. Ол этногенез теориясын бірнеше ғылым салаларының жетістіктерін синтездей отырып, әр түрлі ғылым арналарынан ортақ ой тауып, оны ғылыми түрде дәлелдей алды, сөйтіп тарих, география, жаратылыстану, психология, этнография, археология сияқты ғылымдар тоғысынан жаңалық ашты. Тарих пен физикалық география, дін мен мәдениет тарихын саралай келе тұтас ғылыми жүйе қалыптастырып, теориялық түйін жасайды. Соның бірі – еуразияшылдық теорияны ғылыми сана танымына айналдырумен айғақталады. Гумилевтанушылар зерттеуі осылай дейді.

«Өмірімнің мәні – жүрегіме жақын болған Азияның көшпелі халықтарының даңқын әлемге паш ету», - деп өзінің ғалымдық кредосын белгілеген Л.Н.Гумилев мұрасы – тамыры терең түркі әлемінің тұңғығына бойлаған тереңдігімен де құнды. Сол «Азияның көшпелі халқының» бір өкілі – кемел ақын, кемеңгер ойшыл Абай! Л.Гумилев көп этносты ортаның (Азияның) өмір сүру ерекшеліктеріне талдау жасағанда оның (Абай сияқты) тұлғаларының тарихтағы орнын да анықтамақ болғаны заңдылық.

Ойшыл дана Абайдың рухани әлемі мен тарихшы ғалым Гумилев ілімдері (адам – қоғам – ұлт мәселелері) арасында үндестік табатын тұстар мол. Ғалымның «Этногенез и биосфера земли» атты танымы терең еңбегімен танысқанда осындай пікірге келдік.

Еуразияшыл ұлы ғалым қоғамның даму үдерісіне қатысты этникалық сана мен әлеуметтану мәселесін көтерсе, дүниежүзілік поэзиямен деңгейлес ой айта алған ұлы ақын «ой көзімен» көргенін сөз қуатымен дәлелдеп адамтану (қоғамтану) іліміне қатысты даналыққа толы пайымын танытты.

Адамзат ақыл ойының озық үлгісін өлеңдері арқылы көрсетті.

Ғалымның ғылымдағы ірі жетістігін айғақтайтын еңбегі *пассионарлық идея және этногенез теориясының* негізін қалауымен де құнды.

Л.Н.Гумилев “этносты табиғат пен әлеуметтік ортаның ықпалдасуынан пайда болған ерекше құбылыс” [1,120], – деген тұжырым жасайды. Атақты ғалым В.И.Вернадскийдің “тіршілік дүниесінің биохимиялық қуаты мен биосфера дамуының жалпы заңдылықтары” туралы ілімі түйсігі терең зерттеуші Л.Гумилевке үлкен ой салады. Сол ілімді этнос өмір сүріп отырған тіршілік ортасымен, қоғам дамуының заңдылығымен сәйкестендіре пайымдау арқылы оның ғылымдағы ірі жаңалығы дүниеге келді.

Ізгілік пен биік мақсатты серік ететін пассионарлық идея ойшыл, ағартушы Абай болмысына жат емес, тіпті үйлесімділік табады деуге болады.

Абай шығармашылығының қоғамдық ой-санаға әсер ықпалы – пассионарлық қуатымен арта түскен.

Пассионарлық – Абайдың ақыл-парасатының көтерілген биігі!

Абайдың өмірлік ұстанымы айқын. Ұлы Әуезов сөзімен айтқанда: “Өзі сыншыл қайраткер болғандықтан... ..ендігі сөзі қоғамды, халықты түзейтін үлкен күш деп түсінеді ...өз заманындағы барлық мінді, сорақылықты сол тура жолдағы жақсы өлең-өсиетпен түгел жойып, жоғалтуға болады”, – деп иланады. Басқаша айтқанда, адамгершілік, ар, ақтық деген сияқты қасиеттерді тәрбиемен көпке жайса, *өмір де, қоғам да, халық тағдыры да өзгеріп, түзеліп кететіндей көрінді...* [2,132]. “Өзінің барлық шыншыл, әділетшіл қажырлы еңбегімен, өлең ұстаздығымен заманын түзеп алады екенмін деп түсінеді”. Бұны қоғамшыл, халықшыл Абайдың “пассионарлық идеясы”, “рухани сілкініске құштарлығы” деуге болады. Оның азаматтық белсенділігі – қоғамдағы қайраткерлігінен көрінсе, қоғамдағы келеңсіздікке бей-жай қарай алмауы – пассионар тұлға болуында.

Пассионарлар – биік мақсаттың, асыл мұраттың иелері. Олардың өмір мәні осы асқақ идеалды жүзеге асырумен құнды. Олардың қолынан жақсылық та, жамандық та келеді.

Пассионарлар, яғни қуатты құштарлық иелері, күйретуші де, жасампаз да бола алады, яғни ақылын қайда жұмсауына байланысты олардың тұлғасы ашылады, өмірдегі орны анықталады.

“Пассионарлар өзін белгілі бір мақсатқа жұмсайды, тіпті бар ғұмырын соған арнауы да мүмкін” [1, 284], – деген Л.Гумилев пікірін ұлы Абайдың да өмір жолына бағыштай айтсақ орынды болмақ. Осы идеяның тұжырымына сүйенсек, этногенездік дамуға ұлттың этникалық өркендеуі мен пассионарлық әлеуеті өз үлесін қоса алады.

Біз Абайдың этнос санасына ықпалын сөз еткенде осы тұрғыдан келіп, оны пассионарлықтың «рухани» көрінісі демекпіз. Этногенез теориясында ең маңызды орынды пассионарлық идея еншілейді. Л.Гумилев көзқарасы бойынша, пассионарлық «дүмпудің» ықпалынан Еуразиялық дамудың ырғағы мен тарихтың әр дәуіріндегі нақты *бір күйтердің басымдылығы* және Еуразия сияқты біртұтас құрылымды қалыптастырудың күрделі процесі анықталады.

Ал қазақ қоғамдық санасында, ұлттық ойлау дәрежесінде бұл құбылыс былайша қабылданады: “Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды, береке кетіп, азды, тозды, сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан болаттай, жарқ етіп Абай туды... халықтың камын же, адамшылыққа қызмет ет, – деген Абай болатын” [3,18].

Біз осыған қатысты кейбір пікірімізді алдыңғы еңбегімізде білдірген едік [4]. Еуразияшыл идеялар ішінен, әсіресе, **комплиментарлық** туралы ғылыми идеяның мәні аса зор. Бұл идея Ұлы Дала мен ежелгі Русь арасындағы өзара түсіністік мәселесіне баса көңіл аударуымен құнды. Өзара ілтипат білдіру, бір-біріне жылы “шырай таныту”, бір-біріне шыдамды, қайырымды болу – еуразияшылдардың басты идеясы болып табылады.

Кемел ақын, кемеңгер ойшыл ұлы Абайдың “**Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп**” ұсынған, имангершіл ізгілікке суарылған өсиетінің мәні комплиментарлық идеямен тікелей үндеседі. Бүкіл адам баласын сүй, оның түрі мен түсіне, ділі мен дініне қарамай жүрегіннен орын бер. Абай өмірдегі барша құбылысқа адамдық өлшеммен келіп, биік гуманизмді ұлықтайды. Барша адамзат имангершілік пен адамгершілікті серік етуге міндетті. Оған ұлы ойшылдың айтар уәжі:

Адам баласына адам баласы бәрі – дос. Не үшін десең:

- дүниеде жүргенде – туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей;
- ахиретке қарай - өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың – бәрі бірдей;
- екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен;
- бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің; біреуді бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып көз алартыспақ лайық па? (Абай. Отыз төртінші Қарасөз) [5].

Одан әрі пассионар тұлға Абай: «түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып», - деген ұлы мақсат қойып, оны «наданның көзін қойып, көңілін ашпақ болған қажырлы күрескерлігімен дәлелдейді. «Біріңді қазақ – бірін дос көрмесең, // Істің бәрі бос», - деген ізгі ойлары Гумилевтік комплиментарлық идеямен өзектеседі.

«Күншіліксіз тату бол, шын көңілмен,

Қиянатшыл болмақты естен кеткіз», - деген ұлағат айтады.

немесе

«Қай қызығы татиды қу өмірдің,

Татуды араз, жақынды жатқыларға» -

деген ой толғаулары арқылы *адамды сую* идеясын санаға сіңіре түседі.

Л.Гумилевтің тарихи еңбегінің мәні: “әлемдік тарих дегеніміз – белгілі бір кеңістік пен нақты уақыт шеңберінде этностардың бірін-бірі алмастыруы” – деген өз пайымдауына байланысты айтылатын ғылыми ойлардан туындайды деп білеміз. Ұлы Абайдың: “*Дүние – үлкен көл, / Заман – соққан жел / Алдыңғы толқын – ағалар, / Артқы толқын - інілер / Кезекпенен өлінер, / баяғыдай көрінер*”, – дегенінде дүние = кеңістіктегі, замана = уақыт аралығында кезекпен өтіп жатқан, (гумилевше айтқанда, этностардың алмасуына әкелетін ауысу) ұрпақ ауысулары қоғамдық дамуды танытқандай.

Л.Гумилев қоғамдық құбылыстағы өзгеріс-оқиғалар мен этнос тарихын үнемі бірлікте қарайды, өйткені әр этнос - әлеуметтік құбылыс қана емес, өзге де тіршілік дүниесімен тығыз байланыстағы қоғамдық сана иесі.

Этностың қалыптасуы мен жетілуі, дамуы мен өркендеуі – қоғам мен экологиялық ортаға (этностың өмір сүретін кеңістігіне) тікелей байланысты.

“Ішкі жағдай мен сыртқы фактордың бір-біріне бағынуынан тіршілік (өмір) туады” деген диалектикалық мәндегі идеяны қоғам дамуы заңдарына қатысты пайдаланған Л.Гумилев өзінің жаңа ілімін қалыптастырады. Атап айтқанда, адам мен қоғамның, яғни “ішкі және сыртқы қарым-қатынастың” сабақтастығы Л.Гумилевтің этногенез теориясының күретамырына айналады.

Адам – қоғамдық орта жемісі. Ғалым бұны теориялық тұрғыда негіздесе, философ ақын Абай тіл өнерінде сөз кестесі арқылы ой өрнегін салды. Өзінің тілдік тұлғасы арқылы объектілендірді. Мысалы, Күлембайдың (болыстың) мінезінің құбылуына ықпал еткен жағдайлар: оның қоғамдық “мәртебесінің” өзгеруі, болыс сайлануы және келесі сайлаудан тағы дәмелі болуы.

Абай “Интернатта оқып жүр”... өлеңінде “талай қазақ баласының” ұлыққа қызмет етуге тырысуы және “оқалы киім кию үшін военный қызмет іздеуі” тікелей орыс ұлығының түпкі мақсатынан, яғни өзгені өзіне тәуелді ету саясатынан туғандығын қоғамдық сана деңгейінде пайымдап береді. Гумилевше айтқанда, *қоғамдық болмыстың адам әрекетіне себепкер болуы осы өлең идеясының де негізгі бағытын құрайды. Сыртқы әлемнің адамға үстемдік етуі – жоғарыда айтылған этногенез теориясының бір көрінісі.*

Үшінші Қарасөзінде: «Ұрылар тыйылмайды. Ел тыныш болса, оның ұрлығын ешкім сүймес еді, Ел екі жар болған соң ... бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады. ..Ол болыс болғандар өзі құлық арамдықпен болыстыққа жеткен соң, момынды қдірлемейді, өзіндеі арам құларды қадірлейді». Осы Қарасөздері (өлеңдері) мазмұны арқылы Абай тілдік тұлғасының сол замандағы қоғамдық өмір салтын, мінез-құлықтың, ұлттық құндылықтың кеміген тұсын көркемдікпен жеткізгеніне куә боламыз, қоғамдық ортаның адам мінезіне ықпалын бағамдаймыз.

Дана Абай этнолог-ғалым болмаса да, өзінің сана-түйсігімен тіршілік ағымының, әлеуметтік ортаның – ұлттың этникалық болмысына тигізген залалын саралай білді. Өзі өмір сүрген орта мен сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің адамға (қазақ баласына) тигізген әсер-ықпалын бағамдап, ұлттық қасиеттеріміздің боркеміктеніп бара жатқанына күйінді.

Этнология ілімі қоғамның адамға ықпалын (немесе керісінше) ғылыми тұрғыда зерттесе, Абай «ұлы сия, ашы тілмен» көркемдік шеберлікпен суреттейді. Ұлы ақынды заман туғызатынын және дәлелдейді.

«Белгі бір халықтың екінші бір халықтан тілі, сенімі ғана бөлек емес, олар арнайы зерттеуге тұрарлық мінез-бітімімен де дараланады. Халықпен халықтың айырмашылығын этнография ғылымы саралайды» [1,22]. Тарихшы-этнологтың осы ғылыми мәндегі пікірі Абайдың тілдік тұлғасында сыншылдыққа толы мазмұнмен көркем бейнеленген.

Ақынның тілдік тұлғасы арқылы қоғам, адамгершілік, бірлік, еңбексүйгіштік, талап сияқты қасиеттердің уақыт озған сайын мәні кемімейтінін, қоғамдық ой-санаға ықпалы арта түсетінін бағамдай аламыз. Халық пен халықты жақындастыратын – білімі мен оның рухани байлығы. Абай сөзімен айтсақ, *«тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым зой демектің бәрі – ақымақтық».* Өзін толғантқан жағдайларға баға бере отырып, ойшыл ақын өз елін өнегелі мәдениеті бар, өркениетті ел ретінде көргісі келгенін жазбай танымыз. Оның бір мысалы Қарасөзінде көрініс тапқан.

Екінші Қарасөзінде: «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: «енеңді ұрайын кең қолтық, мүлдіреген тәжік арқадан үй төбесіне саламын деп қамыс артқан, бұтадан қорыққан... Ноғайды көрсе күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай атқа мінсе, шаршап, жаяу жүрсе, демін алады»...

Орысқа да күлуші еді: «Орыс ойына келгенін қылады деген, не айтса соған нанады»- деп. Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі ант ұрған, ең тәуір халық біз екенбіз деп... Енді қарап тұрсам сарттың екпеген егіні жоқ, .. қылмаған шеберлігі жоқ.

Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды кедейлікке де шыдайды. Еңбек қылып мал табудың жөнін солар біледі.

Бұның бәрі – шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болғандық әсері. Осы Сөзінде Абай ақын өз халқын өзгелерден төмен болмауға үндейді. Өзгеден білімін, еңбегім, өнерім арқылы ғана озық боласыз.

Енді осы мәселелердің дүниенің тілдік бейнесі арқылы қалай берілгеніне назар аударып көрелік. Бұлар Абайдың тілдік тұлғасында өзіндік стильмен берілген.

Атап айтқанда, ақын өз сөз саптауын ауызша сөйлеу нормасына жақындатып, кейде сөйлемдердің орнын ауыстырып ұсынады, немесе ой екпінін сол сөзге түсіру мақсатында құрмалас сөйлемді *деп*-пен аяқтап, бағыныңқы сөйлемді басыңқыдан соң келтіріп, сөйлеу тәртібін

«бұзады». Ойды көрікті, әсерлі етіп ұсыну мақсатында сөйлемдер жарыса қолданылып, параллель түзілген және морфологиялық тұлғалары бірдей келген (*артқан, қорыққан, екпеген егіні жоқ, жүрмеген жері жоқ; солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды...*).

Ғалым Л.Гумилев ғасырлар, дәуірлер, заманалар сілемі белгілі бір географиялық ортаға лайық этностарды қалыптастыратынын тұжырымдай келе: «Әрбір этностың өзіндік ішкі құрылымы және қайталанбас қасиет-бітімі болады», - деп ой түйеді [1, 118].

Этнограф-ғалым Л.Гумилев осылайша жалпы адамзаттық, моральдық-этикалық нормаларды психофизиологиялық ғылыми зерденің талқысынан өткізіп, этнография ғылымының өзегіне айналдырса, ойшыл-ақын Абай: дүниетанымдық, философиялық ой толғамдарын өзінің ақындық, қоғамдық-қайраткерлік «тәжірибесінің» нәтижесі ретінде ұсынып, танымдық, тағылымдық поэзиясының арқауына айналдырады. Мысалы, Л.Гумилевте бірбұтас этностық құндылық сөз болса, Абайда сол этносты құрайтын жекелеген адами сипаттар сөз болады. (Бүтіннің бөлшегі, жалқының жалпыға қатысы – философиялық заңдылық).

Абай кейбір адам бойындағы кесел-кесапат бүкіл ұлт пен ұлыстың мінез ерекшелігіне айналып кетуінен сақтандырады. Ғалым Л.Гумилев өз зерттеуінің нысанына байланысты әрбір этностың қасиет-бітімін кең ауқымда алса, ақын Абай өз ұлтының (этностының) болмыс-бітімінің ұсақталмауын мақсат етті. Сол себепті,

Қайнайды қаның, шиды жаның, мінездерін көргенде

(«Сегіз аяқ»)

Әсемсіп, сәнсіп, // Білгенсіп, бәлсіп, әр нәрсенің орынын,
Керенау, кердең, бір керім, // Жакпайды-ау маған сол жерін

(«Көкбайға»)

Заман ақыр жастары, Қосылмас ешбір бастары,
Күлмендеп келер көздері, Қалжыңбас келер өздері,
Кекетіп секек етем деп, Шошқа туар сөздері

(«Заман ақыр жастары»)

Осылайша, Абай тілдік тұлғасы қоғамдық өмір құбылыстарының мәнін ашу үшін де лирикалық кейіпкерінің мінез-құлығын сынға алады. Сынай отырып, бүкіл ұлт тағдырын ойлап, толғанады. Ақын жанын ауыртқан жаман әдеттер – қоғамдық індетке айналып кетуден қауіптенеді.

Л.Н.Гумилев: «Әрбір этностың өзіндік ішкі құрылымы болады», - дегенде оны этнограф-ғалым ретінде этностар болмысын таныта отырып тереңнен зерттейді.

Абай ақын өз шығармашылық дискурсында адам мінезі арқылы қоғамдық деңгейдегі мәселелерді қозғайды. Л.Гумилев тілімен айтқанда, «этнос – табиғат пен әлеуметтік ортаның ықпалдасуынан пайда болған ерекше құбылыс». Абай контекстінде де *адам – қоғам – адам* «үштігі» нақты бір кезең көрінісін, заман реңкін беру үшін қызмет етеді. Отаршыл империя өз саясатына сәйкес аяр, екі жүзді, қуларды «даярлап», олардың бойына өз заманының бар сұмдығын «сіңіртеді». Абай тілдік тұлғасы ұлт бойына кейіннен жамалған сол көп кеселді сынайды. Ол – ұлттың өзінің туа бітті қасиеті емес, қоғамдық фактор әсері болатын. Ақын өз дискурсында қайшылыққа толы өмірдегі адамдардың тұрақсыздығына, пенделігіне күйіне отырып, соларды суреттеу үшін әр алуан поэтикалық тәсілдер қолданады. Заманының әлеуметтік картинасын (суретін, бейнесін) беру үшін ұлттық тілдің мол байлығын таңдай, толғай пайдаланады. «Қулық сауған» өмір заңына қарсылық білдіреді.

Себебі Абай өмір сүрген кезеңнің өзі – ұлы ақын, ойшылға сол қоғамдағы адам рухын, ар-ожданын бойкүйездіктен арылту міндетін жүктейді. Өйткені «Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып» деген Абай – пассионар тұлға еді...

Біздің мақсатымыз – тарих және география ғылымдарының докторы, этнология ғылымының негізін қалаушы ұлы ғалым Л.Н.Гумилев пен қазақ ойшылы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ұлы ақын Абай шығармашылығын қиыннан қиыстыру емес. Міндетіміз – екі тұлғаның дүниетаным ортақтығы мен парасат-пайымының ұштасатындығына назар аударту. «Өзінің шыншыл, қажырлы қайраткерлігімен, өлең ұстаздығымен заманына қызмет еткен» (М.Әуезов) дана Абайдың пассионарлығы мен «тұлпардың тұяғымен жазылған Азия тарихын» әлемге танытуды мақсат етіп, қажырлы қайрат көрсеткен Л.Гумилев пассионарлығы үндестік пен үйлесімнен тұрады.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі:

1. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. Москва, 1979. -506 с.
2. Әуезов М. Абайтану мәселелері. -20 том. -Алматы: Жазушы, 1985. -496 б.
3. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Ғылым, 1999. -304 б.
4. Мұратова Г.Ә. Дана Абай – пассионар тұлға // Лев Гумилев ілімі және қазіргі Еуразия халқы. ҮІ халықаралық еуразиялық ғылыми форумы. Астана, 29 қазан 2007 ж. -32-37 б.
5. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. –Алматы; Ғылым, 1977. -454 б.
6. В.П. Колесов.- М.: ИНФРА-М. 2008.